

«ҚазТрансОйл» АҚ-та экологиялық аспектілерді басқару қағидалары

1. ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТЫ

1. Осы Қағидалардың мақсаты «ҚазТрансОйл» АҚ-та (бұдан әрі - Қоғам) экологиялық аспектілерді басқару процесін ұйымдастыру кезінде жалпы талаптарды белгілеу және жауапкершілікті бөлу болып табылады, Қоғам оларды басқара алады және оларға әсер ете алады.

2. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

2. Осы Қағидалар Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады.

3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3. Осы Қағидалардың мақсаты үшін мынадай терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

1) **Қоғамның бизнес-жоспары** – стратегиялық сипаттағы құжаттарға негізделген және белгілі бір кезеңге қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті, белгіленген нысандар бойынша қалыптастырылған іс-шаралардың барлық негізгі бағдарламаларын айқындайтын Қоғамның шоғырландырылған бизнес-жоспары;

2) **қоршаған ортаға әсер ету** – қоршаған ортадағы қолайлы немесе қолайсыз, ұйымның экологиялық аспектілерінің әсерінің нәтижесі болып табылатын кез келген өзгеріс;

3) **ӨКЕКТЖ департаменті** – ОА құрылымдық бөлімшесі, оның функциясына ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері бойынша жұмысты үйлестіру және өндірістік (ішкі) бақылауды жүзеге асыру кіреді;

4) **қоршаған ортаны ластау** – қоршаған ортаға ластаушы заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріс және тұтыну қалдықтарының түсуі, сондай-ақ шудың, тербелістердің, магнит өрістерінің және өзге де зиянды физикалық әсерлердің қоршаған ортаға әсері;

5) **ҚОН** – қалдықтарды орналастыру нормативтері;

6) **ҒТО** – «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының ғылыми-техникалық орталығы» филиалы;

7) **қоршаған орта (ҚО)** – атмосфералық ауаны, жердің озон қабатын, жерүсті және жерасты суларын, жерді, жер қойнауын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, сондай-ақ олардың өзара іс-қимылындағы климатты қоса алғанда, табиғи және жасанды объектілердің жиынтығы;

8) **жауапты тұлға** – Қоғамның құрылымдық бөлімшесі басшысының не оны алмастыратын адамның бұйрығымен ҚО қорғауды қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын сақтауға жауапты ретінде тағайындалған Қоғам жұмыскері;

9) **қоршаған ортаны қорғау (ҚОҚ)** – қоршаған ортаны сақтауға және қалпына келтіруге, шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерін болғызбауға және оның зардаптарын жоюға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі;

10) **жекеленген құрылымдық бөлімше (ЖҚБ)** – мұнай құбыры басқармасы/өкілдіктерден басқа, Қоғамның жекеленген құрылымдық бөлімшесі;

11) **жұмыс тобы** – Қоғамның құрылымдық бөлімшесі басшысының бұйрығымен тағайындалған қоршаған ортаны қорғау бойынша жауапты Қоғам жұмыскерлері;

12) **өндірістік объектілер** – ЖҚБ құрылымдық бөлімшелерінің құрамына кіретін өндірістік және қосалқы бөлімшелер (бас мұнай айдау станциясы (БМАС), мұнай айдау станциясы (МАС), мұнай қыздыру станциясы (МҚС), тірек авариялық-қалпына келтіру пункті (ТАҚКП), авариялық-қалпына келтіру пункті (АҚКП), технологиялық көлік және арнайы техника цехы (ТКЖАТЦ), өндірістік қызмет көрсету базасы (ӨҚБ), қабылдау-тапсыру пункті, шаруашылық қызмет көрсету учаскесі (ШҚУ), электрхимиялық қорғау құралдары және жоғары вольтты желілерді жөндеу және қызмет көрсету учаскесі (ЭҚК және ЖВЖ ЖжҚКУ, «ҚазТрансОйл» АҚ ҒТО» филиалының орталық зертханасы (ОЗ);

13) **өндірістік бағдарлама (ӨБ)** – мұнайдың жоспарланып отырған көлемдерін тасымалдауды (беруді) қамтамасыз ету үшін қызметтің реттеліп көрсетілетін түрлерін көрсетуге бағытталған ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар кешенін білдіретін Қоғамның бес жылдық бағдарламасы;

14) **РШШ** – рұқсат етілген шекті шығарынды;

15) **РШК** – рұқсат етілген шекті концентрация;

16) **РШТ** – рұқсат етілген шекті төгінді;

17) **маңызды экологиялық аспект** – қоршаған ортаға маңызды әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін экологиялық аспект;

18) **СҚА** – санитариялық-қорғаныш аймағы;

19) **ОА** – Қоғамның орталық аппараты;

20) **экологиялық аспект** – қоршаған ортамен өзара іс-қимыл жасайтын немесе өзара іс-қимыл жасауға қабілетті ұйым қызметінің, оның өнімінің немесе көрсетілетін қызметтерінің элементі;

21) **Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган** – қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган, сондай-ақ оның аумақтық органдары.

2. ПРОЦЕСТІҢ СИПАТТАМАСЫ

1-тарау. БЛОК-СХЕМА

Процеске кіру:		Маңызды экологиялық аспектілерді төмендету қажеттілігі	
№ р/с	Әрекет	Кім орындайды	Жазба
1	Экологиялық аспектілерді сәйкестендіру/өзектендіру	Жұмыс тобы/ жауапты тұлға / ӨҚЕКТЖ департаменті	Экологиялық аспектілердің тізімі
2	Маңызды экологиялық аспектілерді анықтау	/ жауапты тұлға / ӨҚЕКТЖ департаменті	Экологиялық аспектілерді бағалау парағы

3	<p>Маңызды экологиялық аспектілердің тізілімін қалыптастыру және ЖҚБ/ҒТО маңызды экологиялық аспектілерін төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу</p>	Жауапты тұлға	<p>Маңызды экологиялық аспектілер тізілімінің және ЖҚБ/ҒТО маңызды экологиялық аспектілерін төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы</p>
4	<p>Маңызды экологиялық аспектілердің тізілімін және ЖҚБ/ҒТО маңызды экологиялық аспектілерін төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту</p>	ЖҚБ/ҒТО басшысы	<p>Маңызды экологиялық аспектілердің бекітілген тізілімі және ЖҚБ/ҒТО маңызды экологиялық аспектілерін төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспары</p>
5	<p>Маңызды экологиялық аспектілердің бекітілген тізілімін және ЖҚБ/ҒТО маңызды экологиялық аспектілерін төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын ОА-ға жіберу</p>	Жауапты тұлға	<p>ЭҚЖ-дағы хат/қызметтік жазба</p>
6	<p>Маңызды экологиялық аспектілердің жиынтық тізілімін және Қоғамның маңызды экологиялық аспектілерін төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын қалыптастыру</p>	ӨҚЕҚТЖ департаменті	<p>Маңызды экологиялық аспектілердің жиынтық тізілімінің және Қоғамның маңызды экологиялық аспектілерін төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы</p>
7	<p>Маңызды экологиялық аспектілерінің тізілімін және Қоғамның маңызды экологиялық аспектілерін төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту</p>	Бас директор (Басқарма төрағасы)	<p>Маңызды экологиялық аспектілердің тізілімі және Қоғамның маңызды экологиялық аспектілерін</p>



			төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспары
8	<div style="border: 1px solid black; padding: 5px; text-align: center;"> <p>Маңызды экологиялық аспектілердің бекітілген тізілімін және маңызды экологиялық аспектілерді төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын тарату</p> </div>	ӨҚЕҚТЖ департаменті	ЭҚЖ-дағы хат/қызметтік жазба
9	<div style="border: 1px solid black; padding: 5px; text-align: center;"> <p>Қоғамның маңызды экологиялық аспектілерін төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарының тармақтарын орындау</p> </div>	ОА құрылымдық бөлімшелерінің басшылары	ЭҚЖ-дағы хат/қызметтік жазба
10	<div style="border: 1px solid black; padding: 5px; text-align: center;"> <p>Қоғамның маңызды экологиялық аспектілерінің төмендеуін мониторингтеу және талдау</p> </div>	ӨҚЕҚТЖ департаменті	Экологиялық менеджменттің жұмыс істеуі туралы есеп
<div style="border: none;"> <p>↓</p> <p>Процестен шығу:</p> </div>		<p>Маңызды экологиялық аспектілердің төмендеуі</p>	

2-тарау. Жалпы ережелер

2. Экологиялық аспектілерді басқару процесі мыналарды қамтиды:
- 1) экологиялық аспектілерді сәйкестендіру;
 - 2) экологиялық аспектілердің маңыздылығын айқындау;
 - 3) маңызды экологиялық аспектілердің тізілімін қалыптастыру;
 - 4) маңызды экологиялық аспектілерді төмендетуге бағытталған іс-шараларды әзірлеу;
 - 5) маңызды экологиялық аспектілерді төмендетуге бағытталған іс-шараларды орындау;
 - 6) маңызды аспектілердің төмендеуін мониторингтеу және талдау.
6. Экологиялық аспектілерді басқару процесі үш жылда кемінде бір рет, тиісті жылдың 1 мамырына дейін, сондай-ақ мынадай жағдайларда жүргізіледі:
- 1) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі [1], ҚО әсеріне байланысты нормативтік құжаттар мен техникалық құжаттама өзгерген кезде;
 - 2) технологиялық процесс өзгерген және (немесе) жаңа технологиялар енгізілген кезде;
 - 3) ішкі/сыртқы аудиттер нәтижесінде сәйкессіздіктер/ескертулер анықталған кезде;
 - 4) штаттан тыс жағдайлар болған кезде (авария, заңсыз ойып кіру және т.б.).
7. Экологиялық аспектілерді сәйкестендіру, олардың маңыздылығын айқындау және маңызды экологиялық аспектілерді төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу жүргізіледі:
- 1) ЖҚБ - жұмыс тобымен;
 - 2) ҒТО – жауапты тұлғамен;

3) ОА – ӨҚЕҚТЖ департаментімен.

8. Осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген рәсімдер нәтижесінде қалыптастырылған құжаттар бекітіледі:

ЖҚБ-да – ЖҚБ басшыларымен;

ҒТО-да – ҒТО директорымен;

ОА-да – Қоғам бас директорымен (Басқарма төрағасымен).

§1. Экологиялық аспектілерді анықтау

7. ЖҚБ өндірістік объектілерінің басшылары жұмыс тобына осы объектілердегі негізгі және қосалқы жабдықтардың тізбесін ұсынады.

8. Ұсынылған тізбе негізінде жұмыс тобы/ жауапты тұлға/ӨҚЕҚТЖ департаменті экологиялық аспектілерді сәйкестендіреді.

9. ҒТО мен ОА-да экологиялық аспектілер осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген тұлғаны/ құрылымдық бөлімшені сәйкестендіреді.

10. Экологиялық аспектілерді анықтау кезінде келесі факторлар қарастырылады:

1) ресурстардың нақты түрлерін пайдалану:

материалдық, энергетикалық (отын, жылу, электр энергиясы және т.б.);

табиғи (су, жер, ауа және т.б.);

2) шығындардың пайда болуы:

техникалық;

авариялық;

штаттан тыс жағдайлардың нәтижесінде (ұрлау);

3) ингредиенттер бойынша стационарлық және жылжымалы көздерден нақты ластаушы заттардың шығарындылары мен төгінділері:

ластаушы заттардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған шығарындылары мен төгінділері;

жаппай шығарындылар мен төгінділер;

4) өндіріс және тұтыну қалдықтарын қалыптастыру, орналастыру;

5) ҚО-ға физикалық әсер ету факторлары:

электромагниттік және радиациялық сәулелер;

шу және діріл;

ҚО ластануына әкеп соққан ықтимал авариялық жағдайлар;

6) мердігерлік ұйым жүзеге асыратын жұмыстар;

7) ҚОҚ бойынша уәкілетті органның нұсқамасы.

Сәйкестендіру нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген нысан бойынша экологиялық аспектілердің тізбесі қалыптастырылады және бекітіледі.

§2. Маңызды экологиялық аспектілерді анықтау

7. Экологиялық аспектілердің бекітілген тізбесіне сәйкес экологиялық аспектілердің маңыздылығын айқындау рәсімі жүргізіледі.

8. Экологиялық аспектілердің маңыздылығын айқындау рәсімін ЖҚБ инженер-экологы/ жауапты тұлға осы Қағидаларға 2-қосымшада келтірілген экологиялық аспектілердің маңыздылығын айқындау әдістемесіне сәйкес, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экологиялық аспектілерді бағалау парағын толтыра отырып жүргізеді.

§3. Маңызды экологиялық аспектілердің тізілімін және маңызды экологиялық аспектілерді төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын қалыптастыру

9. Басым дәрежесі жоғары экологиялық аспектілер маңызды болып табылады және оны ЖҚБ инженер-экологы/ жауапты тұлға осы Қағидаларға 4-қосымшада келтірілген нысан бойынша жасалатын маңызды экологиялық аспектілер тізіліміне (бұдан әрі - Тізілім) енгізеді.

10. Тізілім негізінде маңызды экологиялық аспектілерді төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) әзірленеді.

11. Іс-шаралар жоспары осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірленеді, ол Іс-шаралар жоспарына тартылған ЖҚБ/ҒТО құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен келісіледі.

12. Мердігер ұйым қызметінен маңызды экологиялық аспект пайда болған жағдайда, ЖҚБ/ҒТО Тізілімге және Іс-шаралар жоспарына маңызды аспектін енгізеді.

13. Бекітілген Тізілім және ЖҚБ мен ҒТО іс-шаралар жоспары жиынтық Тізілімді және Қоғам бойынша Іс-шаралар жоспарын қалыптастыру үшін ӨҚЕҚТЖ департаментіне жіберіледі.

14. Жиынтық Тізілімді және Қоғам бойынша Іс-шаралар жоспарын ӨҚЕҚТЖ департаменті қалыптастырады және бекіту үшін Қоғамның бас директорына (Басқарма төрағасына) ұсынады.

15. Бекітілген Тізілім және Іс-шаралар жоспары Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне орындау үшін жіберіледі.

§4. Маңызды экологиялық аспектілерді басқару

7. Бекітілген жиынтық Тізілім және Қоғам бойынша Іс-шаралар жоспары Іс-шаралар жоспарының тармақтарын орындау үшін ЖҚБ мен ҒТО-ға жіберіледі.

8. Маңызды экологиялық аспектілерді азайту жөніндегі іс-шаралар қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуге тиіс және Қоғамның өндірістік бағдарламасы мен бизнес-жоспарын қалыптастыру кезінде басым мәнге ие болады.

9. Іс-шаралар жоспарына тартылған Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары тоқсан сайын ӨҚЕҚТЖ департаментіне осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі ақпаратты ұсынады.

10. Іс-шаралар жоспарын орындау бойынша жиынтық ақпарат және маңызды экологиялық аспектілердің төмендеуін талдау қоғамда экологиялық менеджменттің жұмыс істеуі туралы есептің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады және «ҚазТрансОйл» АҚ-та басшылық тарапынан интеграцияланған менеджмент жүйесіне талдау жүргізу тәртібіне сәйкес [2] ОА құрылымдық бөлімшесіне ұсынылады, оның функционалдық міндеттеріне ИМЖ мәселелері бойынша жұмыстарды үйлестіру кіреді.

5. ЖАУАПКЕРШЛІК

11. HSE басқарушы директоры - ӨҚЕҚТЖ департаментінің директоры жиынтық Тізілімді және Қоғам бойынша Іс-шаралар жоспарын бекітуге бас директорға (Басқарма төрағасына) енгізу үшін жауапты болады.

12. ОА құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Қоғамның өндірістік бағдарламасы мен бизнес-жоспарына маңызды экологиялық аспектілерді төмендету жөніндегі іс-шараларды енгізуге және орындауға жауапты болады.

13. ЖҚБ басшылары жауапты:

1) экологиялық аспектілерді сәйкестендіруге, экологиялық аспектілердің тізбелерін қалыптастыруға және өзектендіруге;

2) Тізілімді қалыптастыруға және өзектендіруге;

3) маңызды экологиялық аспектілерді төмендетуге бағытталған іс-шараларды әзірлеуге және өзектендіруге;

4) маңызды экологиялық аспектілерді төмендету жөніндегі іс-шараларды орындауға.
14. ЖҚБ мен ГТО жауапты тұлғасы ЖҚБ және ГТО-да экологиялық аспектілерді басқару жөніндегі жұмыстарды жалпы ұйымдастыру және үйлестіру үшін жауапты болады.

15. ӨҚЕҚТЖ департаменті жауапты:

1) Қоғамның маңызды экологиялық аспектілерінің төмендеуін мониторингтеуге және талдауға;

2) тұтас алғанда Қоғам бойынша экологиялық аспектілерді басқару жөніндегі жұмыстарды жалпы ұйымдастыруға және үйлестіруге.

29. Жұмыс топтарының құрамына қатысатын жұмыскерлер оларға қатысты осы Қағидаларда белгіленген тиісті рәсімдер талаптарының уақтылы және сапалы орындалуы үшін жауапты болады.

6. НӘТИЖЕЛІЛІК КРИТЕРИЙЛЕР

Экологиялық аспектілерді басқару процесі нәтижелілігінің критерийі мынадай көрсеткіштер болып табылады:

1) мерзімде және қажет болған жағдайда экологиялық аспектілерді басқару процесін өзектендіру;

2) маңызды экологиялық аспектілерді төмендету жөніндегі іс-шараларды Қоғамның өндірістік бағдарламасы мен бизнес-жоспарына енгізу;

3) алты жылдық кезеңде маңызды экологиялық аспектілерді 80% төмендету жөніндегі іс-шараларды орындау.

7. ПРОЦЕСТІҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

№ р/с	Тәуекелдің атауы	Ескерту әрекеттері	Түзету әрекеттері	Тәуекел иесі
1	Экологиялық аспектілерді басқару процесін уақтылы өзектендірмеу	ҚР заңнамасы, технологиялық жабдық және т. б. өзгерген кезде экологиялық аспектілерді басқару процесін уақтылы өзектендіру.	Экологиялық аспектілерді басқару процесін өзектендіруді бастау	ӨҚЕҚТЖД
2	Бизнес-жоспарға / өндірістік бағдарламаға маңызды экологиялық аспектілерді төмендету жөніндегі іс-шараларды уақтылы енгізбеу	Маңызды экологиялық аспектілерді төмендету жөніндегі іс - шараларды бизнес-жоспарға/ өндірістік бағдарламаға уақтылы енгізу	Маңызды экологиялық аспектілерді төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге және өзектендіруге бастамашылық жасау	ӨҚЕҚТЖД

3	Алты жылдық кезеңде маңызды экологиялық аспектілерді 80% төмендету жөніндегі іс-шаралардың уақтылы орындалмауы	Алты жылдық кезеңде маңызды экологиялық аспектілерді 80% төмендету жөніндегі іс-шараларды уақтылы орындау	Алты жылдық кезеңде маңызды экологиялық аспектілерді 80% төмендету жөніндегі іс-шараларды орындауға бастамашылық жасау	Жауапты тұлға
---	--	---	--	---------------

§8. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР *

[1]	Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 09 қаңтардағы №212-III Экологиялық кодексі
[2]	«ҚазТрансОйл» АҚ басшылығы тарапынан интеграцияланған менеджмент жүйесіне талдау жүргізу тәртібі, бас директордың (Басқарма төрағасының) _____ жылғы бұйрығымен бекітілген, № бұйрық

* Осы Ережені пайдалану кезінде.

§9. ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша (міндетті)	Экологиялық аспектілердің тізімі
2-қосымша (міндетті)	Экологиялық аспектілердің маңыздылығын анықтау әдістемесі
3-қосымша (міндетті)	Экологиялық аспектілерді бағалау парағының нысаны
4-қосымша (міндетті)	Маңызды экологиялық аспектілер тізілімінің нысаны
5-қосымша (міндетті)	Маңызды экологиялық аспектілерді төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны
6-қосымша (міндетті)	Маңызды экологиялық аспектілерді төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау жөніндегі ақпарат нысаны

1-қосымша
(міндетті)

Бекітемін

_____ (лауазымның атауы)

_____ (жеке қолы) (қолтаңбаның толық жазылуы)

« ____ » _____ 20__ ж.

_____ бойынша
_____ жылдарға экологиялық аспектілердің тізімі

№	Объект, учаске	Технологиялық процесс	Жабдық, машина, механизм, түрі, маркасы, технологиялық нөмірі	Экологиялық аспект	Әсері

2-қосымша (міндетті)

Экологиялық аспектілердің маңыздылығын анықтау әдістемесі

1 Экологиялық аспектілердің басымдылығын бағалау

1. Экологиялық аспектінің басымдық дәрежесін (RPN) айқындау жекелеген экологиялық аспектілердің қауіптілік (S), ауқымдылығы (O), басқарылуы (D) сипаттамаларын салыстыру және бағалау негізінде сараптамалық жолмен жүргізіледі.

Экологиялық аспектінің басымдық дәрежесін бағалау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$RPN = S * O * D \quad (1)$$

мұнда S - қауіптілік;

O - ауқымдылық;

D - басқарылуы.

2. Әрбір экологиялық аспектінің қауіптілігі (S) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S = (a + b + e) / 3 \quad (2)$$

Қауіптілік шамасын анықтау (S) алдын ала сапалық, сандық сипаттамалар негізінде айқындалады:

1) Қоршаған ортаға әсері (a):

аспект қоршаған ортаға теріс әсер етеді (ПДК, ПДС, ПДВ, ОБУВ, НРО, су тұтыну және су бұру нормативтерінің артуы, әсер етудің физикалық факторларының шекті рұқсат етілген нормалары (шу және діріл); қауіптіліктің қызыл және янтарь деңгейлерінің қалдықтарының пайда болуы) - **3 балл**;

аспект қоршаған ортаға теріс әсер етеді (ПДК, ПДС, ПДВ, ОБУВ, НРО, су тұтыну және су бұру белгіленген нормативтерін, әсер етудің физикалық факторларының шекті жол берілетін нормаларын сақтау (шу және діріл); энергетикалық, материалдық, табиғи ресурстарды пайдалану, қауіптіліктің жасыл деңгейіндегі қалдықтардың пайда болуы) - **2 балл**.

2) аспектінің пайда болу ықтималдығының (жиілігінің) шамасы (b) мынадай өлшемшарттар бойынша айқындалады:

аспект жыл бойына үздіксіз жұмыс цикл кезінде үнемі көрінеді - **4 балл**;

аспект мерзімді көрінеді - **3 балл**;

аспект жылына 1 реттен көп емес көрінеді немесе оқиғалар Қоғамның өткен қызметінде болды - **2 балл** (мысалы: авариялық шығарындылар, төгінділер, мұнайдың төгілуі).

3) рұқсат беру құжаттамасының (эмиссияға рұқсаттың, қалдықтардың пайда болуының бекітілген нормативтерінің, қалдықтарды орналастыру лимиттерінің және т.б.) болуы (e):

болуы - **1 балл**;

осындай әсер ету түрлеріне рұқсат беру құжаттамасын беру заңнамада көзделмеген - **2 балл**;

болмауы - **3 балл**.

3. Қоршаған ортаға әсер ету ауқымдылығының (O) шамасы сандық сипаттамалар бойынша бағалаудың мынадай шкаласымен айқындалады:

кәсіпорынның жауапкершілік аймағынан (СЗЗ) шықпайтын жергілікті сипаттағы - **1 балл**;

объект орналасқан әкімшілік аудан аумағының шекарасы шегінде жергілікті сипатта - **2 балл**;
өңірлік сипаттағы, әкімшілік облыстың шекарасы шегінде - **3 балл**.

4. Қоршаған ортаға әсер етудің басқарылуы (**D**) келесі критерийлер бойынша анықталады:

әсерді басқару жөніндегі шаралар қабылданды (әсерді төмендету немесе болдырмау жөніндегі іс-шаралар енгізілді) - **1 балл**;

әсерді басқару мүмкіндігі бар (ұйымдастырушылық-техникалық, технологиялық шешімдер, жобалар бар, бірақ экологиялық аспектілерді бағалау кезінде енгізілмеген және т.б.) - **3 балл**.

5. Әрбір жеке экологиялық аспектінің басымдылығы бағалау шкаласы бойынша анықталған коэффициенттердің көбейтіндісі түрінде ұсынылады.

6. Экологиялық аспектінің басымдылығын анықтау анықталған сандық сипаттамаларды салыстыру негізінде жүзеге асырылады. Әрбір экологиялық аспект үшін басымдық дәрежесі төмендегі кестеге сәйкес бағаланады.

Экологиялық аспектінің басымдық көрсеткіші

Басымдық	Балдар саны	
Төмен басымдық	1-7	маңызды емес
Үлкен басымдық	7-ден астам	маңызды

7. Маңызды экологиялық аспектілер экологиялық мақсаттар мен міндеттерді қою және іске асыру үшін Тізілімге енгізіледі.

(міндетті)

Бекітемін

_____ (лауазымның атауы)

_____ (жеке қолы) (қолтаңбаның толық жазылуы)

«__» _____ 20__ ж.

_____ бойынша
_____ жылдарға экологиялық аспектілерді бағалау парағы

№	Технологиялық процесс	Экологиялық аспект	Қауіптілік (S)			$S = (a + b + v) / 3$	Ауқымдылық (O)	Басқарулық (D)	Басымдылық (RPN = S x O x D)	Маңызды аспект
			a	b	v					

4-қосымша
(міндетті)

Бекітемін

(лауазымның атауы)

(жеке қолы) _____
(қолтаңбаның толық жазылуы)

«__» _____ 20__ ж.

_____ бойынша
_____ жылдарға маңызды экологиялық аспектілердің тізілімі
(ЖҚБ/ҒТО/ОА)

№ р/с	Объект, учаске	Технологиялық процесс	Маңызды экологиялық аспект	Маңызды экологиялық аспект статусы

5-қосымша
(міндетті)

Бекітемін

(лауазымның атауы)

(жеке қолы) (қолтаңбаның толық жазылуы)

«__» _____ 20__ ж.

_____ бойынша _____ жылдарға маңызды экологиялық аспектілерді төмендету жөніндегі
іс-шаралар жоспары
(ЖҚБ/ҒТО/ОА)

№ р/с	Маңызды экологиялық аспект	Экологиялық аспектінің маңыздылығын төмендетуге бағытталған іс-шара	Іс-шараның мақсаты	Іс-шаралардың құны, мың теңге (егер қолданылса)	Күтілетін әсер (экологиялық, экономикалық)	Іс-шараларды орындауға жауапты құрылымдық бөлімше	Іс-шараны іске асыру мерзімдері

6-қосымша
(міндетті)

Бекітемін

_____ (лауазымның атауы)

(жеке қолы) _____ (қолтаңбаның толық жазылуы)

«__» _____ 20__ ж

_____ бойынша _____ жылдарға маңызды экологиялық аспектілерді төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау жөніндегі ақпарат

№ р/с	Объектінің атауы (құрылымдық бөлімше)	Маңызды аспектіні төмендету жөніндегі іс-шаралардың атауы	Маңызды экологиялық аспект	Аспектінің маңыздылығының себебі	Күтілетін экологиялық әсер (эмиссиялардың тоннамен төмендеуі, м3,%)	Жауапты	Іске асыру мерзімі	Орындау туралы белгі	Маңызды экологиялық аспект статусы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10